

## Мемлекеттік қызмет туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.23. N 455 Заңымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының K951000\_ 33-бабының

4-тармағын іске асыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін үйімдастыру негіздерін, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын, олардың әлеуметтік қорғалуын айқындау және мемлекеттік қызмет саласындағы қатынастарды реттеу мақсатында, "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының

Z933600\_

1-бабына сәйкес осы Жарлықты шығарамын.

### I ТАРАУ

Жалпы ережелер

1-бап. Мемлекеттік қызмет

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет-азаматтардың мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында конституциялық негізде жүзеге асырылатын және мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға, мемлекеттің өзге де міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған кәсіби қызметі.

2-бап. Мемлекеттік қызметтің принциптері

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі:

1) заңдылық;

2) мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;

3) азаматтардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің мемлекет мұдделері алдында басымдығы;

4) мемлекеттік қызметтің жалпыға ашықтығы, яғни өздерінің қабілеті мен кәсіби даярлығына сәйкес азаматтардың оған кіруге тең құқылығы;

5) азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруге еріктілігі;

6) өз өкілеттіктері шегінде жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қабылдаған шешімдердің төменгі мемлекеттік органдар қызметшілерінің орындауы үшін міндettілігі;

7) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы мен есеп беріп отыруы;

8) барлық азаматтар мен лауазымды адамдар үшін мемлекеттік қызметшілердің занды талаптарын орындаудың міндettілігі;

9) мемлекеттік құпия және заңмен қоргалатын өзге де құпия болып табылатын қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялышты ескеру;

10) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;

11) мемлекеттік қызметшілерді көтермелесу және өздерінің қызметтік міндettтерін орындағаны не тиісінше орындағаны үшін және өз өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігі;

12) мемлекеттік қызметшілердің кәсіпқойлығы мен жоғары білігі;

13) мемлекеттік қызметшілердің қызмет перспективасы;

14) мемлекеттік қызметтің үзіліссіздігінің мемлекеттік қызмет кадрларының сабактастығымен және оларды алмастырып отырумен үйлесу принциптеріне негізделеді.

2. Мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді. Мемлекеттік қызметшілер өздерінің лауазымдық міндettтерін атқару кезінде зандардың талаптарын басшылыққа алады және саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және олардың органдарының шешімдеріне байланысты болмайды.

3-бап. Осы Жарлықтың күші қолданылатын

лауазымды және өзге тұлғалар

1. Осы Жарлықтың күші зандарда белгіленген тәртіппен:

1) Республика Президентінің Әкімшілігінде;

2) Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Соттың, Республиканың өзге соттарының, Конституциялық Кеңесінің, Республика орталық сайлау комиссиясының аппараттарында;

3) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Республиканың мемлекеттік органдары мен олардың аппараттарында;

4) министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен Үкімет құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдар мен олардың аппараттарында;

5) жергілікті атқарушы органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінде, мәслихаттар мен әкімдердің аппараттарында мемлекеттік лауазымдарды атқаратын Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылады.

2. Конституцияға және осы Жарлықпен реттелмеген бөлігінде Республиканың арнаулы заң актілеріне сәйкес:

1) Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің;

2) Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының, Төрағаның орынбасарының, хатшысы мен мүшелерінің құқықтық мәртебесі анықталады.

3. Республика Конституациясына және Республиканың арнаулы заң актілерімен реттелмеген бөлігінде осы Жарлыққа сәйкес:

1) Ұлттық Банк Төрағасының;

2) Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің;

3) Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасы, Жоғарғы Соты алқаларының төрағалары мен судьяларының, облыстық (оларға теңестірілген соттары) және аудандық соттары судьяларының;

4) Республиканың Бас Прокуроры мен төменгі прокурорларының;

5) Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Мемлекеттік тергеу комитеті төрағаларының;

6) Ұлттық Банк, оның органдары мен бөлімшелері, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің; дипломатиялық қызметтегі қызметкерлердің;

7) әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі анықталады.

4-бап. Осы Жарлықтың күші қолданылмайтын

лауазымды және өзге тұлғалар

Осы Жарлықтың күші:

1) құқықтық мәртебесі Республиканың Конституациясымен және тиісті конституциялық заңымен анықталатын Қазақстан Республикасының Президентіне;

2) құқықтық мәртебесі Республиканың Конституациясымен және тиісті конституциялық заңымен анықталатын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Мәжілісінің төрағалары мен Республика Парламентінің депутаттарына;

3) құқықтық мәртебесі Республиканың Конституациясымен және тиісті заңымен анықталатын мәслихаттар депутаттарына қолданылмайды.

5-бап. Мемлекеттік органдардың кадр қызметі

Мемлекеттік органдардың кадр қызметі:

1) мемлекеттік қызметшілердің бос лауазымдарына орналасуға конкурстар өткізуі, аттестациялауды, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет лауазымдарына орналасқан кезде сынақтан өтуін қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет өткеруіне байланысты шешімдерін ресімдейді, мемлекеттік қызметшілердің жеке

істерін жүргізеді, мемлекеттік қызметшілердің еңбек ету тізімдеріне қажетті жазбаларды енгізеді;

3) мемлекеттік қызметшілерге олардың құқықтық жағдайының мәселелері жөнінде консультациялар береді, мемлекеттік қызметке байланысты шектеулердің сақталуын бақылайды;

4) мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығының деңгейіне талдау жасайды, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау (қайта мамандau) мен біліктілігін арттыруды үйымдастырады;

5) нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өзге де

өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Мемлекеттік қызмет туралы заңдар

1. Мемлекеттік қызмет туралы заңдар Республика

Конституциясынан, осы Жарлықтан, Республиканың өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Жарлықпен реттелмеген мемлекеттік қызметпен байланысты қатынастар Республиканың еңбек, зейнетакы туралы және өзге де заңдарымен реттеледі.

## II ТАРАУ

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы

7-бап. Мемлекеттік лауазым және мемлекеттік қызметші

1. Мемлекеттік лауазым-оны атқаратын адамның өкілеттігінің мазмұны мен көлемін бейнеленетін мемлекеттік орган мен оның аппаратының құрылымдық бірлігі.

2. Ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және заңдарға сәйкес мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында мемлекеттік органның атынан лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттік қызметші болып табылады.

3. Мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және олардың жұмысын қамтамасыз ететін адамдар мемлекеттік қызметшілерге жатпайды. Мұндай адамдардың тізбесін Республика Үкіметі белгілейді.

8-бап. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарын сыныптау

1. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын сыныптаудың негізгі өлшемдері олар мемлекеттік қызметті жүзеге асыратын органдардың үйымдық-құқықтық деңгейі, олардың нақты лауазымдағы құзыретінің көлемі мен сипаты, лауазымның мемлекеттік орган құрылымындағы рөлі мен орны болып табылады.

2. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының мынадай санаттары белгіленеді;

1) жоғары санат - Премьер-Министрдің; Мемлекеттік хатшының; Президент Экімшілігі Басшысының, Премьер-Министрдің орынбасарларының лауазымдары ;

2) бірінші санат - Үкімет Аппараты Басшысының; Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган басшысының; министрлердің, мемлекеттік комитеттер төрағаларының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің; Орталық сайлау комиссиясы Төрағасының; Президент Экімшілігі мен Үкімет Аппараты басшылары орынбасарларының; Республика Президентінің көмекшілері мен кеңесшілерінің; Президент өкілдерінің; Парламент Палаталары аппараттары басшыларының; Президент Экімшілігі құрылымдық бөлімшелері басшыларының; Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдар басшыларының лауазымдары;

3) екінші санат - Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшылары орынбасарларының; министрлердің орынбасарларының; мемлекеттік комитеттер төрағалары орынбасарларының; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері орынбасарларының; Парламент Палаталары аппараттарының басшылары орынбасарларының; Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы орынбасарының, хатшысы мен мүшелерінің; Президент Экімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары орынбасарларының, мемлекеттік инспекторларының; Үкімет өкілдерінің; Үкімет пен Парламент Палаталары аппараттарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының; Парламент Сенаты Төрағасы мен Мәжілісі Төрағасының, Премьер-Министрдің көмекшілері мен кеңесшілерінің және олардың орынбасарларының; Президент Экімшілігі сектор менгерушілерінің; Үкімет пен Парламент Палаталары аппараттары құрылымдық бөлімшелерінің басшылары орынбасарларының; Үкімет құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдар басшылары орынбасарларының; аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалар әкімдерінің лауазымдары;

4) үшінші санат - Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар департаменттері, агенттіктері, комитеттері басшыларының; басқармалары мен дербес бөлімдері бастықтарының; бірінші басшыларының, министрлердің, мемлекеттік комитеттер төрағаларының, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін өзге орталық атқарушы органдар бірінші басшыларының көмекшілері мен кеңесшілерінің; Үкімет пен Парламент Палаталарының аппараттары секторлары менгерушілерінің; Президент Экімшілігінің, Үкімет пен Парламент Палаталары аппараттарының бас және аға

сарапшыларының, консультанттарының, сарапшыларының аға референттерінің, референттерінің лауазымдары;

5) төртінші санат - Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдардың департаменттерінің, агенттіктерінің, комитеттерінің, басқармаларының, дербес бөлімдерінің бастықтары орынбасарларының және бөлім бастықтарының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарының басқармалары, бөлімдері, қызметтері басшыларының лауазымдары;

6) бесінші санат - аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалар әкімдері орынбасарларының; Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін өзге де орталық атқарушы органдардың бас, жетекші мамандарының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының жергілікті атқарушы органдары басқармаларының, бөлімдерінің, қызметтерінің басшылары орынбасарларының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы мәслихаттары аппараттарының, жергілікті атқарушы органдарының бас және жетекші мамандарының лауазымдары;

7) алтыншы санат - аудандық және облыстық маңызы бар қалалық, қалалардағы аудандық жергілікті атқарушы органдар басқармалары, бөлімдері, қызметтері басшыларының; аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттары аппараттарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары, селолық, поселкелік, аудандық бағыныстағы қалалық жергілікті атқарушы органдар басқармаларының, бөлімдерінің, қызметтерінің, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары аппараттары мамандарының лауазымдары;

8) жетінші санат - аудандық, облыстық бағыныстағы қалалық, қалалардағы аудандық жергілікті атқарушы органдардың, селолық, поселкелік, аудандық бағыныстағы қалалық жергілікті атқарушы органдардың, олардың бөлімдерінің; аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттары аппараттары мамандарының лауазымдары.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының санаттарына өзгертулерді қажет болған жағдайда Республика Президенті енгізеді.

4. Осы бапта аталған мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының санаттарына осы бапта атап көрсетілмеген мемлекеттік қызметшілердің қолданылып жүрген

лауазымдарын енгізуді, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жана лауазымдарын енгізуді Республика Президенті жүргізеді.

#### 9-бап. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары

1. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары тиісті санаттардағы мемлекеттік қызметшілерге қойылатын біліктілік талаптарына мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығы деңгейінің сәйкестігін көрсетеді.

2. Жоғары, бірінші және екінші санаттардағы мемлекеттік қызметшілерге біліктілік сыныптары атқаратын лауазымына, кәсіби біліктілігі мен жұмысының нәтижелеріне сәйкес беріледі.

3. Үшінші - жетінші санаттардағы мемлекеттік қызметшілерге кезекті біліктілік сыныптары аттестациялау нәтижелері бойынша белгіленеді.

4. Аттестациялау мемлекеттік қызметшінің бастамашылығы бойынша оған аттестациялаудың нәтижелері бойынша кейіннен басқа лауазымға ауыстырмай кезекті біліктілік сыныбын беру үшін жүргізілуі мүмкін.

5. Біліктілік сыныптарын беру мен олардан айыру, өзге мемлекеттік лауазымдарға ауыстырған кезде оларды сақтау, аттестациялауды жүргізу тәртібі Республика Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметшілердің біліктілік сыныптары туралы ережемен, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

6. Мемлекеттік қызметшілердің мынадай біліктілік сыныптары белгіленеді:

1) жоғары санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге жоғары, 1 және 2 сыныптар берілуі мүмкін;

2) бірінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 3 және 4 сыныптар берілуі мүмкін;

3) екінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 5 және 6 сыныптар берілуі мүмкін;

4) үшінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 7 және 8 сыныптар берілуі мүмкін;

5) төртінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 9 және 10 сыныптар берілуі мүмкін;

6) бесінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 11 және 12 сыныптар берілуі мүмкін;

7) алтыншы санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 13 және 14 сыныптар берілуі мүмкін;

8) жетінші санатқа жатқызылған лауазымдарды атқаратын

қызметшілерге 15 және 16 сыныптар берілуі мүмкін.

7. Осы баптың 6-тармағында белгіленген біліктілік сыныптарына қажет болған жағдайда Республика Президенті өзгертулер енгізеді.

8. Конституцияның 44-бабының 13)-тармақшасына сәйкес Республика Президенті жоғары, 1,2,3 және 4 біліктілік сыныптарын, сондай-ақ Республика Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы орынбасарының, хатшысы мен мүшелерінің лауазымдарына сәйкес келетін біліктілік сыныптарын береді.

9. Біліктілік сыныптарын, Республика Президенті беретін біліктілік сыныптарын қоспағанда, мемлекеттік қызметшілерді тиісті лауазымдарға тағайындаған мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар береді.

10. Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде қызметшілерге лауазымдарың тиісті санаттары шегінде біліктілік сыныптары беріледі.

11. Лауазымның тиісті санаты шегінде кезекті біліктілік сыныбы берілуі үшін мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымында кемінде екі - үш жыл мінсіз жұмыс атқаруға тиіс.

12. Аса жауапты міндеттерді орындағаны үшін мемлекеттік қызметшіге лауазымдардың тиісті санаты шегінде кезекті біліктілік сыныбы мерзімнен бұрын берілуі мүмкін.

13. Мемлекеттік қызметшінің заңдарда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша біліктілік сыныбынан оған осы сыныпты берген мемлекеттік орган немесе лауазымды адам айыруы немесе төмендетуі мүмкін.

14. Мемлекеттік қызметшіге берілген біліктілік сыныбы оның өзінде сақталып қалады.

15. Мемлекеттік қызметшінің еңбек кітапшасындағы қызмет тізімінде тиісті біліктілік сыныбының берілгені, өзгерілгені және одан айырылғаны туралы жазба жасалады.

#### 10-бап. Мемлекеттік қызметшілердің өкілеттіктері

##### 1. Мемлекеттік қызметшілердің өкілеттіктері:

1) мемлекеттік органдар алдында тұрған мақсаттарға және міндеттерге әрі олар атқаратын лауазымдарға қарай анықталады.

2) осы Жарлықта белгіленген құқықтар мен негізгі міндеттерден, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген өзге де міндеттерден тұрады.

2. Мемлекеттік қызметшілердің осы Жарлықта белгіленген негізгі міндеттері мен құқықтарынан туындаитын нақты міндеттері мен құқықтары типтік біліктілік сипаттамалар негізінде анықталады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін лауазымдық нұсқаулықтарда көрініс табады.

#### 11-бап. Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері

##### Мемлекеттік қызметшілер:

- 1) Республика Конституциясы мен зандарын сақтауға;
- 2) азаматтар мен занды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, зандарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарастыруға, олар жөнінде қажетті шаралар қолдануға;
- 3) өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;
- 4) мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға;
- 5) қызмет этикасының нормаларын сақтауға;
- 6) басшыларының бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері шегінде шығарылған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;
- 7) мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, соның ішінде мемлекеттік қызметті доғарғаннан кейін де бұл жайында қолхат бере отырып, сақтауға;
- 8) қызметтік міндеттерін атқару үстінде алынған, азаматтардың жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты, мәліметтерді құпия сақтауға әрі зандарда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан осындағы ақпарат беруді талап етпеуге;
- 9) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге;
- 10) қызметтік міндеттерін ұтымды атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін көтеруге міндетті.

## 12-бап. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары

Мемлекеттік қызметшінің:

- 1) азаматтарға Республика Конституциясы мен зандары арқылы кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;
- 2) өз өкілеттігінің шегінде мәселелерді қарастыруға және солар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, оларды тиісті органдар мен лауазымды адамдардың орындауын талап етуге;
- 3) белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерін атқару үшін қажетті ақпарат пен материалдарды алуға;
- 4) лауазымдық міндеттерін атқару үшін белгіленген тәртіппен меншік нысанына қарамастан, ұйымдарға баруға;
- 5) мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымға сәйкес міндеттер мен қызметтік өкілеттіктер көлемінің дәл анықталуын басшыдан талап етуге;
- 6) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар мен азаматтар тарапынан өзіне әділетті және сыпайы қарым-қатынас жасалуына;

7) өзі атқаратын лауазымға, жұмыс сапасына, тәжірибесіне, стажына және осы Жарлықпен белгіленген өзге де негіздерге қарай еңбегінің тиісінше ынталандырылуына және оған ақы төленуіне;

8) тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлауға (қайта мамандануға) және қызмет біліктілігін арттыруға;

9) өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажетті жағдайларда жеке түсініктер беруге;

10) біліктілігі мен қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, қызмет бабында жоғарылауға;

11) қызметшінің пікірінше, негіzsіз айып тағылған ретте қызметтік тексеру жүргізуін талап етуге;

12) еңбегінің қорғалуына, залалсыз, қауіпсіз және жоғары өнімді жұмыс үшін қажетті еңбек жағдайына;

13) әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

14) мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша шығуға;

15) әлеуметтік сақтандыруға және зейнетақымен қамсыздандырылуға;

16) Республика заңдарында белгіленген рет пен тәртіп бойынша қызметтік-штаттық қаруға;

17) жоғары мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

### 13-бап. Мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер

#### 1. Мемлекеттік қызметшінің:

1) өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін өзі басқару органдарының мүшесі болуға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа жұмыспен шүфылдануға;

3) кәсіпкерлік қызметпен шүфылдануға, соның ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаруашылық жүргізуінің субъектіні басқаруға тікелей қатысу өзінің қызметтік міндеттеріне кіrmесе, оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, шаруашылық жүргізуінің субъектіні басқаруға қатысуға;

4) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе бақылауындағы мемлекеттік органдада үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік міндеттін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта пайдалануға;

6) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты

жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-қимылдарға қатысуға;

7) лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты жеке мақсаты үшін азаматтар мен занды тұлғалардың қызметтерін пайдалануға хақы жоқ.

2. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызмет өткеру уақытында коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы өзінің меншікті үлесін (акциялар пакетін) зандарда белгіленген тәртіппен сенім білдірілген басқаруға беруге міндетті.

### ІІІ ТАРАУ

Мемлекеттік қызметке кіру

14-бап. Мемлекеттік қызметке кіру құқығы

1. Мемлекеттік қызметке кіруге Республика азаматтарының құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады.

2. Егер Республика зандарымен, халықаралық шарттарымен, сондай-ақ Президентімен өзгеше көзделмесе, онда шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар мемлекеттік қызметке қабылдануға тиіс емес.

15-бап. Мемлекеттік қызметке кірген

кезде қойылатын талаптар

1. Мемлекеттік қызметке кіретін адамдар мынадай талаптарға сәйкес келуге:

1) Қазақстан Республикасының азаматы болуға;

2) егер Республика зандарымен мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тиісті санаттарына қатысты өзгеше белгіленбесе, жасы он сегізден кем болмауға;

3) тиісті біліктілік талаптарына сәйкес келетін қажетті білімі мен кәсіби даярлық деңгейі, сондай-ақ зандарда көзделген жағдайларда жұмыс стажы болуға тиіс.

2. Мемлекеттік қызметке кірген кезде азамат салық қызметі органдарына салық салу объектілері болып табылатын өзінің алған табыстары мен өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлігі туралы мәліметтер тапсыруға міндетті. Осы аталған мәліметтер салық қызметі органдарының қызметтік құпиясын құрайды.

3. Мемлекеттік қызметке орналасу мемлекеттік қызметші кадрлар туралы респубикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салу және азаматтардың міндетті арнайы тексеруден өтуі ретімен жүзеге асырылады.

16-бап. Мемлекеттік қызмет лауазымдарын атқарудың тәсілдері мен тәртібі

1. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының жоғары, бірінші, екінші санаттарымен көзделген лауазымдарға орналасу Республика Конституциясы мен зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының үшінші - жетінші санаттарында көзделген лауазымдарға орналасу тағайындау тәртібімен не бес жылдан аспайтын мерзімге жасалуы және ол өткеннен кейін қайта жасалуы мүмкін контракт шарттарымен жүзеге асырылады. Типтік контрактыны Республика Үкіметі бекітеді.

#### 17-бап. Мемлекеттік қызметтегі бос лауазымға орналасу үшін конкурс

1. Мемлекеттік қызметтегі лауазымға орналасу үшін конкурс (бұдан әрі - конкурс):

1) азаматтардың мемлекеттік қызметке бірдей орналасу құқығын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік қызмет лауазымдарының үшіншіден бастап жетіншісін қоса алғандағы санаттары бойынша бос лауазымға орналасу үшін өткізіледі.

#### 2. Конкурс:

1) осы Жарлықтың 15-бабында белгіленген талаптар сақтала отырып, жарияланған сәтінен бастап бір айдан аспайтын мерзімнің ішінде оған қатысуға өтініш берген азаматтардың арасында;

2) құжаттар конкурс нысанында өткізіледі.

3. Мемлекеттік қызметшілер оны өткізу сәтінде өздерінің қандай лауазымдар атқаратынына қарамастан, конкурсқа қатысуға хақылы.

#### 4. Конкурстық комиссия:

1) оны тиісті мемлекеттік органның басшысы сол органның кадр қызметінің ұсынуымен құрады;

2) конкурсқа қатысушыларды білімі туралы, мемлекеттік қызметті және өзге де еңбек қызметін өткеруі туралы құжаттардың, сондай-ақ ұсыныстардың, тест нәтижелері мен тиісті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша берілетін басқа құжаттардың негізінде бағалайды.

5. Конкурсқа әрбір қатысушыға конкурс нәтижелері туралы ол аяқталғаннан кейінгі бір ай мерзім ішінде жазбаша түрде хабарланады.

6. Конкурстық комиссияның шешімі тиісті мемлекеттік лауазымға ұсынылған азаматпен контракт жасасу немесе осындай контракт жасасудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

7. Конкурсты өткізудің тәртібі мен өзге де шарттары Республиканың нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

#### **IV ТАРАУ**

##### **Мемлекеттік қызметті өткеру және қызметтегі мансап**

###### **18-бап. Мемлекеттік қызметтегі сынақ**

1. Мемлекеттік қызметке қабылданатын азамат үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызметші үшін оны жоғары тұрған санаттағы лауазымға ауыстыру кезінде үш айға дейінгі мерзімге сынақ белгіленуі мүмкін.
2. Мемлекеттік қызметші дәлелді себептермен қызметте болмаған кезең сынақ мерзіміне есептелмейді.
3. Мемлекеттік қызметшіге сынақ кезеңінде осы **Жарлықтың** күші қолданылады.
4. Мемлекеттік қызметшіге сынақ мерзімі аяқталғанға дейін кезекті біліктілік сыныбы берілмейді.
5. Сынақ нәтижесі қанағаттанғысыз болған ретте мемлекеттік қызметші бұрынғы немесе мемлекеттік қызметтегі басқа лауазымға ауыстырылуы немесе қызметтен шығарылуы мүмкін.
6. Егер сынақ мерзімі өтіп кеткенмен мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметті одан әрі атқарып жүрген болса, ол сынақтан өткен болып саналады әрі бұдан кейін оны қызметтен босатуға заңмен көзделген негіздер бойынша ғана жол беріледі.
7. Осы бапта көзделген сынақ адамдарды жоғары, бірінші және екінші санаттағы мемлекеттік лауазымдарға тағайындаған кезде қолданылмайды.

###### **19-бап. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау**

1. Мемлекеттік қызметшілер өздері атқаратын лауазым мен қызметтінің перспективасына сәйкестігін анықтау, олардың кәсіптік даярлығының, құқықтық мәдениеттінің деңгейін, азаматтармен жұмыс істеу қабілетін бағалау мақсатымен кемінде үш жылда бір рет аттестациядан өтеді.
2. Аттестациялық комиссияны мемлекеттік органның басшысы сондағы кадр қызметтінің ұсынуымен құрады.
3. Аттестациялық комиссия мемлекеттік қызметшіні атқаратын мемлекеттік лауазымына сәйкес келмейді деп тапқан жағдайда ол кәсіптік қайта даярлауға жіберілуі немесе лауазымының төмендетілуі, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органның басшысы оның сыныбын төмендетуі мүмкін.
4. Жоғары, бірінші және екінші санаттағы мемлекеттік лауазымдардағы мемлекеттік қызметшілер аттестациялауға жатпайды.
5. Мемлекеттік қызметшілерді аттестациядан өткізуудің тәртібі мен шарттары Республиканың нормативтік актілерімен белгіленеді.

## **20-бап. Мемлекеттік қызметтегі жоғарылау**

1. Мемлекеттік қызметшінің қызмет бабындағы жоғарылауы оны жоғары тұрған лауазымға есіру немесе оған неғұрлым жоғары біліктілік сынныбын беру жолымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметте жоғарылаған кезде жұмыста барынша жақсы нәтижелерге жеткен, бастамашыл, өзінің кәсіптік деңгейін тұрақты түрде арттырып отыратын және кадр резервіне алынған мемлекеттік қызметшілер басым құқықпен пайдаланады.

## **3. Мемлекеттік қызметтегі жоғарылау:**

1) осы Жарлықта белгіленген мемлекеттік қызмет лауазымдарының санаттарына және біліктілік сынаптарына сәйкес;

2) мемлекеттік қызметшілер салық қызметі органдарына өздерінің тапқан табысы және меншік құқығы бойынша оларға тиесілі салық төлеу объектісі болып табылатын мүлік жөнінде мәліметтер табыс еткен жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына сұрау салу арқылы жүзеге асырылады.

## **21-бап. Жұмыс уақыты мен қызметтік іссапар**

1. Жұмыс уақытының ұзақтығы, сондай-ақ нормаланбаған жұмыс күні үшін өтем жасау кепілдіктері мен тәртібі және мемлекеттік қызметшілерді демалыс пен мереке күндерінде жұмысқа тарту Республиканың енбек туралы заңдарымен белгіленеді.

## **2. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік іссапар, оның ішінде шет**

мемлекеттерге іссапар шығындары өтеледі, оларға Республика заңдарында көзделген өтем алу кепілдіктері мен құқықтары қолданылады.

## **22-бап. Мемлекеттік қызметте болудың шекті жасы**

1. Мемлекеттік қызметте болудың шекті жасы алпыс жас.

2. Кәсіби деңгейі жоғары адамдарға әрі олардың жұмыс қабілетін ескеріп, тиісті мемлекеттік органдың басшысы мемлекеттік қызметте болуының мерзімін ұзартуы мүмкін, бірақ бұл мерзім бес жылдан аспауға тиіс.

## **V ТАРАУ**

Мемлекеттік қызметшілерді қамтамасыз ету

## **23-бап. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу**

1. Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу қызметтік міндеттерді сөзсіз әрі барынша толық орындау үшін жеткілікті материалдық жағдайларды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарын білігі

жоғары және тәжірибелі кадрлармен толықтыруға, олардың адал да бастамашыл енбегін ынталандыруға тиіс.

2. Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы лауазымдық жалақылардан, біліктілік сыйнаптары үшін, мемлекеттік қызметте еңбек сінірген жылдары үшін қосымша төлемдерден, сыйақы мен басқа да ұстеме ақыдан тұрады.

3. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары осы Жарлықтың 8-бабында көзделген санаттарға сәйкес белгіленеді.

4. Сынып үшін қосымша төлем мемлекеттік қызметшіге берілген біліктілік сыйнабына сәйкес жүргізіледі.

5. Әскери және өзге де атақтары, сыйнаптық шендері, дипломатиялық дәрежелері бар мемлекеттік қызметке ауыстырылған (іссапарға жіберілген) адамдарға мемлекеттік қызметшінің тиісті сыйнабы беріледі, бұған дейін берілген атақтары, шендері мен дәрежелері сақталады. Аталған адамдардың енбегіне ақы төлеу осы Жарлыққа сәйкес жүргізіледі.

6. Еңбек сінірген жылдары үшін ұстеме ақы мемлекеттік қызметшілерге олар мінсіз жұмыс істеген жағдайда сыйнабы үшін қосымша ақысы қосылып, лауазымдық жалақысының жиынтық мөлшеріне процентпен есептелген және мемлекеттік қызметтегі стажына қарай ай сайын мынадай мөлшерде төленеді: еңбек сінірген жылдары үш жыл болса - он бес, бес жыл болса - жиырма, он жыл болса - отыз, он бес жыл болса - қырық, жиырма жыл болса - елу процент.

7. Еңбек сінірген жылдарына проценттік ұстеме ақы төлеу үшін мемлекеттік қызмет стажы Үкіметтің ұсынуы бойынша Республика Президенті бекітетін тиісті Ережемен айқындалған тәртіп бойынша есептеледі.

8. Мемлекеттік қызметшілердің енбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін Үкімет әзірлейді және Премьер-Министр оны Республика Президентінің бекітуіне ұсынады.

9. Мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ егер бұл тиісті мемлекеттік орган туралы занда көзделген жағдайда - нысаналы мақсаттағы мемлекеттік қорлардың қаражаты есебінен төленеді.

Бюджет қаржысының қысқаруы лауазымдық жалақыны, оларға жасалатын қосымша төлемдер мен ұстеме ақыны кемітуге, сондай-ақ осы Жарлықпен көзделген кепілдіктердің, женілдіктер мен өтемдердің қаржыландырылуын кемітуге негіз бола алмайды.

## 24-бап. Мемлекеттік қызметшілердің еңбек демалыстары

1. Мемлекеттік қызметшілерге ұзақтығы отыз күнтізбелік күннен тұратын жыл сайынғы еңбек демалысы беріліп, оларға сауықтыру үшін екі лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

2. Мемлекеттік қызметшілердің қалауына қарай жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы оларға бөлініп берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік қызметшіге зандарға сәйкес жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

25-бап. Мемлекеттік қызметшілерді адал

еңбегі үшін көтермелеу

1. Лауазымдық міндеттерін ұлгілі атқарғаны, мінсіз мемлекеттік

қызметі, аса маңызды әрі құрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін мемлекеттік қызметшілер:

1) қызметі бойынша жоғары тұрған лауазымдарға жоғарылату жолымен немесе кезекті біліктілік сыныбын мерзімінен бұрын беру арқылы;

2) ақшалай сыйлықтармен;

3) ынталандырудың заңда көзделген өзге де тұрларі арқылы көтермеленеді.

2. Ерекше еңбегі үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының наградаларымен наградталады.

26-бап. Мемлекеттік қызметшілерді

әлеуметтік қорғау шаралары

1. Мемлекеттік қызметшілер заңда белгіленген тәртіппен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

2. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участеклері тегін беріледі. Жер участеклерін беру шарттарын Республика Үкіметі айқындайды.

3. Мемлекеттік қызметшілер мен олардың бірге тұрып жатқан отбасы мүшелері белгіленген тәртіппен тиісті денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызметті пайдаланады.

4. Қызметтік міндеттерін орындаудына байланысты өмірі мен денсаулығына зиян келген, сондай-ақ қызметте болған кезеңінде сырқаттанған немесе еңбек қабілетінен айрылған жағдайда, мемлекеттік қызметші мемлекеттік тегін сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

5. Басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ауысу тәртібімен мемлекеттік қызметке қабылданған адамдарға екі жыл бойы егер олар мемлекеттік қызметші үшін қазіргі лауазымына белгіленген деңгейден асатын болса, бұрынғы лауазымдағы орташа еңбекақысы мен жеңілдіктері сақталады. Осы Ереже Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден мемлекеттік қызметке ауыстырылатын адамдарға қолданылмайды.

6. Мемлекеттік орган таратылған немесе штат (адам саны) қысқартылған жағдайда мемлекеттік органдарда кемінде үш жыл жұмыс стажы болған ретте, мемлекеттік қызметшіге төрт орташа айлық жалақысы мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

7. Мемлекеттік қызметші қайтыс болған жағдайда оның отбасы мушелеріне мемлекеттік органдарды соңғы қызмет орны бойынша үш айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде жәрдемақы төленеді, бұл ретте жәрдемақы мөлшері қолданылып жүрген заңдарда белгіленген мөлшерден төмен болмауға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-І Заңымен.

Z970134\_

27-бап. Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен және әлеуметтік жағынан қамсыздандыру

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру және мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 27-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-І Заңымен.

Z970134\_

## VI ТАРАУ

### Мемлекеттік қызметті тоқтату

28-бап. Мемлекеттік қызметті тоқтатудың негіздері

1. Мемлекеттік қызметті тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) адамның өз еркі бойынша қызметтен шығуға өтініш беруі;
- 2) контракт мерзімінің бітуі немесе заңдарда көзделген негіздер бойынша контрактыны бұзу;
- 3)
- 3) мемлекеттік қызметшінің осы Жарлықтың 22-бабында көзделген мемлекеттік қызметте болудың шекті жасына жетуі;
- 4) мемлекеттік қызметшінің өзінің табысы мен мұлкі туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;
- 6) Республика заңдарында көзделген өзге де негіздер.

2. Мемлекеттік қызметшіні лауазымынан босатуды мемлекеттік лауазымға тағайындау (сайлау) құқығы берілген тиісті лауазымды адам (орган) жүргізеді.

3. Заңсыз шығарылған жағдайда мемлекеттік қызметшінің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 28-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.

N 134-I Заңымен. Z970134\_

## 29. Мемлекеттік қызметшінің орнынан түсүі

1. Орнынан түсү - мемлекеттік қызметшінің өзінің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылатын тиісті мемлекеттік лауазымдағы міндеттерін атқаруын тоқтатуы.

2. Орнынан түсү қабылданады немесе одан мемлекеттік қызметшіні осы лауазымға тағайындаған (сайлаған) мемлекеттік орган немесе лауазымды адам дәлелді түрде бас тартады. Орнынан түсуді қабылдау немесе одан бас тарту туралы шешім жазбаша өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қабылданады. Орнынан түсі қабыл алынбаған жағдайда мемлекеттік қызметші қызметтік міндеттерін атқаруды жалғастыра беруге тиіс және оның еңбек туралы зандарда көзделген тәртіппен қызметтен босауға хақы бар.

3. Мемлекеттік қызметші Конституциямен, осы Жарлықпен, Республиканың өзге де зандарымен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша орнынан түседі. Лауазымдық міндеттерін өрескел бұзушылық, мемлекеттік қызметте болумен сыйыспайтын қылықтар жасау мемлекеттік қызметшінің орнынан түсі үшін негіз бола алмайды, оны қызметінен шығару үшін негіз болып табылады.

4. Орнынан түсү құқығын осы Жарлықтың 5-тармағында аталған лауазымды адамдар пайдаланады.

### 5. Мына жағдайларда:

1) Республиканың Премьер-Министрі орнынан түскенде, Конституцияға сәйкес Үкіметтің бүкіл құрамы орнынан түсетін болады;

2) Президент Әкімшілігінің басшысы орнынан түскенде, оның орынбасарлары мен Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары орнынан түсетін болады;

3) Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органың басшысы орнынан түскенде, оның орынбасарлары, департаменттердің агенттіктердің, комитеттердің басшылары, басқармалар мен дербес бөлімдердің бастықтары, осы аталған мемлекеттік органдар басшыларының көмекшілері мен кеңесшілері орнынан түсетін болады;

4) министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, сондай-ақ өзге орталық атқарушы органдардың басшылары орнынан түскенде, олардың орынбасарлары, департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің басшылары, басқармалар мен дербес бөлімдердің бастықтары, осы аталған мемлекеттік органдар басшыларының көмекшілері мен кеңесшілері орнынан түсетін болады;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының әкімдері орнынан түскенде, олардың орынбасарлары, аудандар мен облыстық бағыныстағы қалалардың әкімдері орнынан түсетін болады:

6) Үкімет аппаратының Басшысы орнынан түскенде, оның орынбасарлары, Үкімет аппараты құрылымдық бөлімшелерінің басшылары орнынан түсетін болады;

7) Парламент Палаталары аппараттарының басшылары орнынан түскенде, олардың орынбасарлары, Парламент Палаталары аппараттарының құрылымдық бөлімшелерінің басшылары орнынан түсетін болады.

6. Зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жетпеген жоғары

санаттағы мемлекеттік қызметші денсаулық жағдайына байланысты орнынан түскен жағдайда, оған ай сайын оның орташа айлық жалақысының елу проценті төленеді.

7.

7. Зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен, еңбекке орналастырылған, қылмысы үшін сотталған жағдайда осы Жарлықтың 6-тармағында көзделген төлемдер тоқтатылады.

ЕСКЕРТУ. 29-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.19.  
N 134-І Заңымен.

Z970134\_

## VII ТАРАУ

Мемлекеттік қызмет туралы занды бұзғаны үшін жауапкершілік

30-бап. Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі

1. Мемлекеттік қызметшінің өзіне жүктелген міндеттерді атқармағаны және тиісінше атқармағаны, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны, сол сияқты мемлекеттік қызметте болуға қатысты осы Жарлықта белгіленген шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметшіге:

1) сөгіс;

2) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту;

3) кезекті сынып беруді немесе неғұрлым жоғары лауазымға тағайындауды бір жылға дейін кідірту;

4) мемлекеттік қызметтен босату түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін;

2. Тәртіптік жазаны:

1) лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес осындай құқықтары бар адамдар қолданады;

2) жасалуы занда көзделген өзге жауапкершілікке әкеліп соғатын қылыштары үшін тәртіптік жаза қолданылуға тиіс емес.

3. Тәртіптік жаза қолдану тәртібі зандарда белгіленеді.

4. Мемлекеттік қызметшілер қылмыс және өзгедей құқық бұзушылық жасаған жағдайда зандарда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауап береді.

31-бап. Мемлекеттік қызметшілердің оларды жауапкершілікке тартқан кездегі құқықтарының кепілдіктері

1. Мемлекеттік қызметші оны жауапкершілікке тартуға байланысты барлық материалдармен танысуға хақылы.

2. Мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның әрекеттері мен шешімдеріне жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшінің не жоғары тұрған органға, лауазымды адамға не сотқа шағым жасауына болады.

32-бап. Мемлекеттік қызмет туралы зандарды бұзғаны үшін өзге адамдардың жауапкершілігі

Мемлекеттік қызмет туралы зандардың бұзылуына кінелі өзге адамдар Республика зандарына сәйкес жауап береді.

### VIII ТАРАУ

Қорытынды Ережелер

33-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

1. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енетін осы Жарлықтың 23-бабының 4-тармағын қоспағанда, 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

2. Жарлықтың күші бұрын зейнет демалысына шыққан адамдарға, сондай-ақ осы Жарлық күшіне енген сәтте мемлекеттік қызметте тұрған зейнеткерлерге қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының

Президенті